

Мақпалкөл ауылдық округінің көшесін қайта атау туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімінің 2015 жылғы 08 қазандағы N 12 шешімі.
Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 қарашада N 5217 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, Қызылорда облыстық ономастика комиссиясының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 1 қорытындысына сәйкес Жалағаш ауданы Мақпалкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жалағаш ауданы Мақпалкөл ауылдық округіндегі "Бейбітшілік" көшесі "Әбдіхалық Құттыбаев" көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мақпалкөл ауылдық округі әкімі

Б.Тұңғышбаев